



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 16 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2010 жылғы 1 шілде**

**Ресми қайта қаржыландыру
ставкасы туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **2010 жылғы 1 шілдеден бастап** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 7,0 %** деңгейінде белгілеуге шешім қабылдады.

2010 жылғы мамырдың қорытындылары бойынша жылдық инфляция 7,0% болды. 2010 жылғы 3-тоқсанда жылдық инфляция іс жүзінде ағымдағы деңгейде – 6,8-7,0% шегінде қалады деп күтілуде. Осыған байланысты ресми қайта қаржыландыру ставкасын бұрынғы 7,0% деңгейінде сақтау барынша мақсатқа сай болып табылады. Бұл ретте оның деңгейі нақты көрсетуде әлсіз оң болып қалады.